



Қазақстан Республикасының Үздіксіз білім беру жүйесінде мамандар даярлау құрылымын реформалау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1 қыркүйек 1994 ж. N 982. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 665 қаулысымен. ~P020665

Үздіксіз және көп деңгейлі білім беру принциптерін жүзеге

асыру негізінде мамандарды даярлаудың сапасын арттыра түсу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында Жоғары білім берудің көп деңгейлігі туралы уақытша ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, қарауында оқу орындары бар министрліктер мен ведомстволар өздерінің нормативтік құжаттарын осы ережеге сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 1 қыркүйектегі
N 982 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасындағы жоғары білімнің
көп деңгейлі құрылымы туралы
Уақытша ереже

Жоғары оқу орындарының жеке адамының көп қырлы мәдени-білімдік сұраныстарын қанағаттандыру, мамандардың жалпы мәдени, ғылыми және кәсіби даярлығының икемділігін арттыру және экономика мен еңбек нарқы талаптарының күн сайын өзгеріп отыруын ескере отырып мамандардың

әлеуметтік қорғалуын, республика жоғары мектебінің әлемдік білім беру кеңістігінде интеграциясын арттыру мүмкіндіктерін кеңейту мәселелерін шешу дипломды мамандарды даярлаудың бір деңгейлі үлгісінен жоғары білімнің көп деңгейлі құрылымына өтуді талап етеді.

Жоғары білім жүйесін қайта ұйымдастыру қазақстандық мамандар даярлау жүйесін көптеген дамыған елдерде қолданылып жүрген жүйеге жақындатуға, сондай-ақ білім беру құрылымының барлық деңгейінде қабілетті және талантты жастарды анықтау мен оларды жетілдіру тетігі бар сабақтастығына қол жеткізуге бағытталған.

Жоғары білімнің мұндай көп деңгейлі құрылымы жоғары мектеп дамуының отандық және шетелдік тәжірибелерін ескере отырып, әлемдік практикаға сәйкес түлектерге мамандық беруді, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша академиялық дәреже беруді көздейді.

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының жоғары білім құрылымы мазмұны мен оқу мерзімі жағынан әртүрлі бірі-бірімен сабақтасқан төрт деңгейдегі білімдік-кәсіптік бағдарламалар арқылы жүзеге асады: бастауыш жоғары білім (бірінші деңгей), орталау жоғары білім (екінші деңгей), негізгі жоғары білім (үшінші деңгей), тереңдетілген жоғары білім (төртінші деңгей).

2. Дайындықтың бағыты мен мамандықтар тізбесін барлық деңгейдегі жоғары білімнің мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды (мемлекеттік стандарт) Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Еңбек министрлігімен келісе отырып бекітеді.

3. Қолданылып жүрген жоғары білімнің білімдік-кәсіптік бағдарламалар жүйесі жоғары білімнің жаңа көп деңгейлі құрылымына оның құрамдас бөлігі болып кіреді.

Жоғары білімнің құрылымы

Бірінші деңгей - бастауыш жоғары білім

4. Бастауыш жоғары білімнің білімдік-кәсіптік бағдарламасы негізгі (тоғыз жылдық) немесе толық (он бір жылдық) орта мектеп негізінде арнаулы орта оқу орындарында жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта жоғары білімнің бұл деңгейі үздіксіз білім берудің жеке сатысы - арнаулы орта білім ретінде жүзеге асуда.

Нақты орта арнаулы білім тиісті профильді жоғары білімнің бірінші деңгейі болып табылады.

5. Бірінші деңгей бағдарламасын тәмамдағандарға арнаулы орта оқу

орындарының мамандықтары тізбесіне сәйкес біліктілік тағайындалып, арнаулы орта білім туралы диплом беріледі.

6. Бірінші деңгейдің бағдарламасын меңгергендердің алған мамандығы бойынша жұмыс істеуіне немесе белгіленген тәртіппен жоғары білімнің келесі деңгейлерінің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқуын жалғастыруына болады.

Екінші деңгей - орталау жоғары білім

7. Екінші деңгейдің білімдік-кәсіптік бағдарламалары студенттердің жоғары оқу орындарының бірінші және екінші курстарындағы жалпы білім беру және іргелі жаратылыстанушылық-ғылыми даярлығы мен арнаулы орта білімді мамандар үшін 1,5 жылға дейінгі кәсіби дайындықты қамтиды.

Екінші деңгей бағдарламасының білімдік бөлімі дайындықтың ұқсас мамандықтар тобы үшін бірдей болып табылады.

Екінші деңгей бағдарламасының кәсіптік бөлімі жоғары оқу орындарының құрамында немесе жанынан құрылған, сондай-ақ дербес арнаулы оқу орындары мен құрылымдары - колледждерде, бөлімдерде, топтарда және т.б. жүзеге асырыла алады.

8. Екінші деңгей бағдарламасының білімдік бөлімін меңгергендерге орталау жоғары білімі туралы куәлік, ал бұл бағдарламаның кәсіптік бөлімін тәмамдағандарға арнаулы орта білім мамандықтары мен тізбесіне сәйкес мамандық беріліп, орталау жоғары білімі туралы диплом тапсырылады. Олар алған мамандықтары бойынша жұмыс істей алады және үшінші деңгейде білімін жалғастыру құқығын сақтайды.

9. Жоғары оқу орнында екінші деңгейдің кәсіптік бағдарламасын енгізу мәселесін қажет жағдайлар болғанда (кәсіптік даярлықты, әдістемелік және материалдық жағынан қамтамасыз етуді іске асыратын арнаулы құрылымдық бөлімшелер құру және т.б.) жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі шешеді. Ғылыми кеңес, сол сияқты, екінші курсты бітірген студенттер арасынан осы деңгейдің кәсіптік бағдарламасына студенттер контингентін қалыптастыру тәртібін анықтайды.

Үшінші деңгей - негізгі жоғары білім

10. Үшінші деңгейдің білімдік-кәсіптік бағдарламалары жоғары білімнің бағыттары мен мамандықтарының тізбесіне сәйкес және толық орта білім негізінде үш нысанда мыналардың есебінен жүзеге асырылады:

а) жоғары білімді дипломы бар мамандарды даярлаудың дәстүрлі (қолданылып жүрген) білімдік-кәсіптік бағдарламалары;

б) бакалавр бағдарламасын оқу бағыты бойынша (4 жыл) және оның негізінде

дипломды маман даярлаудың кәсіптік бағдарламасын (1-2 жыл) игеру.

Бакалавр бағдарламасын меңгергендерге академиялық бакалавр дәрежесі беріліп, оқу бағыты көрсетіліп, жоғары білімі туралы аттестат беріледі. Олардың оқуын жалғастыруына немесе тиісті қызметке тұруына болады. Дипломды маман даярлау бағдарламасы бойынша оқуын жалғастырғандарға және оқуды тәмамдағандарға алған мамандықтары бойынша біліктік беріліп, жоғары білімі туралы диплом тапсырылады;

в) классикалық түрдегі университеттерде, бакалавр-маман даярлау бағдарламалары, әдетте, жалпы оқу мерзімі бойынша төрт жыл.

Бұл бағдарламалар бойынша оқу бітіргендерге тиісті біліктілік тағайындалып, жоғары университеттік білімнің нақты мамандығы бойынша бакалавр дипломы беріледі.

11. Негізгі жоғары білімнің білімдік-кәсіптік бағдарламалары бойынша оқу мерзімі арнаулы орта немесе орталау жоғары білімі бар адамдар үшін қысқартылуы мүмкін.

12. Негізгі жоғары білімнің толық бағдарламасын ойдағыдай бітіргендер алған мамандықтары бойынша жұмыс істей алады немесе магистратурада не үш жылдық аспирантурада белгіленген тәртіппен оқуын жалғастыра алады.

13. Жоғары оқудың білім беру бағыттары немесе мамандықтары бойынша бакалаврлар даярлау бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен ведомстволық басқару органдары белгілеген қабылдау жоспары шегінде оларды хабардар ете отырып, жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі өз шешімімен дербес енгізе алады.

Төртінші деңгей - тереңдетілген жоғары білім

14. Жоғары білімнің төртінші деңгейінің білімдік-ғылыми магистрлік бағдарламалары оқушылардың болашақтағы қызметінің көбінесе зерттеушілік, шығармашылық, педагогикалық сипатын көздейді және бакалавр дипломы барлар үшін негізгі университеттік білім беру бағдарламаларын нақты мамандық бойынша дамыту және саралау есебінен түзіледі. Бұл бағдарламаны іске асыру мерзімі 2 жыл.

15. Тиісті мамандық бойынша үздік бакалавр дипломы барлар бұл деңгейдің бағдарламасы бойынша қабылдау емтихандарысыз қабылданады.

16. Төртінші деңгейдің бағдарламалары бойынша оқуға қабылдағанда қажетті жұмыс тәжірибесі бар және жұмыс орнынан кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің жолдамасын алғандарға артықшылық берілуі тиіс.

17. Бітіру жұмысын қорғап, қажетті емтихандарды тапсырып, төртінші деңгейдің бағдарламаларын табысты аяқтағандарға Ғылыми кеңестің шешімі бойынша академиялық ғылым (өнер) магистрі дәрежесі тағайындалады және

оқыған мамандығы көрсетілген тиісті диплом беріледі.

18. Магистрлік дәрежесі бар адамдар өзінің ғылыми дайындығын екі жылдық аспирантурада жалғастыра алады.

19. Жоғары оқу орындарында ғылым (өнер) магистрлерін дайындау бағдарламаларын енгізу олардың Ғылыми кеңестерінің өтінім хаттары негізінде ғылыми және ғылыми-әдістемелік мектептер мен өмір талабына сай ғылыми-зерттеу базасының болуы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

20. Осы деңгей шеңберінде жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінің шешімімен жоғары білімді дипломды мамандарды магистрлік емес, түрлі салалардағы мамандандырылған практикалық қызметке, аспирантураға түсуге дайындау немесе білімдік-ғылыми дәрежесін арттыруға бағытталған бағдарламалар бойынша келісім-шарт негізінде тереңдетіп оқыту жүргізілуі мүмкін. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі бір жылдан аспауға тиіс.